

егемен

Қазықаспан

Сардарлар мен сарбаздар салтанаты Тәуелсіздік туы берік қолда екенін келісті көрсетті

Бұл күні Астана аспаны шайдай ашық болды. Алаңға қала халқының жартысына жуығы жиналғандай екен. Осы жерде мемлекет басшылары, депутаттар, соғыс және еңбек ардагерлері, қызметкерлер мен түрлі кәсіп иелері, студенттер мен жастар, мектеп оқушылары мен бүлдіршіндер қаптап тұрды.

Тура сағат 11.00.-де Президент Нұрсұлтан Назарбаев отырған кортеж алаңға келді. Жиналған халық Елбасын ду қол шапалақтап, зор қошеметпен қарсы алды. Осыдан кейін алаңда тұрған әскерлер мен техниканың шеруін аралау басталды. Шеруге Қорғаныс министрінің орынбасары, генерал-майор Нұрлан Жоламанов басшылық етті. Ол мінген автокөлік алаңның ортасымен өзіне қарсы қозғалған Қорғаныс министрі Әділбек Жақсыбековке қарай жүрді. Саңқылдаған зор дауыс, әскери нақтылықпен генерал Н.Жоламанов министрге әскердің шеру жасауға дайын екендігін баяндады. Баянхат қабылданған соң екеуі шеруге келген әскер бөлімдерінің әрқайсының алдына барып, олармен арнайы сәлемдесіп, Конституция күнімен құттықтады. Жауынгерлер жалынды дауыстарымен “Саулығыңды тілейміз, министр мырза!” деп сәлем етіп, үш қайтара “уралап” отырды.

Шеруге жиналғандарды айналып шыққан министр алаңдағы Бас мінбердің алдына барып, Қазақстан Республикасының Президенті, Жоғарғы Бас қолбасшы Нұрсұлтан Назарбаевқа әскердің шеру жасауға дайын екендігін баяндады. Осыдан кейін Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев құттықтау сөз сөйледі. Президенттің сөзі аяқталған соң шеру қолбасшысы, генерал Нұрлан Жоламановтың саңқылдаған бұйрықтары естіле бастады. Ол әскерге қалай бұрылып, қалай жүру керектігі жөнінде қысқаша бұйрықтар беріп, салтанатты шеруді бастап кетті. Сөйтіп, екі мыңнан астам сардарлар мен сарбаздар, жүзден артық әскери қарулар мен техникалар, 40-тан артық әскери-әуе күштерінің бірліктері қатысқан шеру дүрсілдеген қарышты қадамдарымен, гүрілдеген үндерімен миллиондаған қазақстандықтардың жүрегінде мақтаныш сезімдерін тудырып, өтіп жатты. Бұл күні барша қазақстандықтар Тәуелсіздігіміздің туы берік қолда, мызғымайтын қорғаныста екеніне тағы бір көз жеткізгендей болды.

Шеруде бірінші болып өту құрметіне Қазақстан әскерінің кәсіби сержанттар құрамын дайындайтын Шоқан Уәлиханов атындағы Кадет корпусының тәрбиеленушілері ие болды. Оны полковник Жәнібек Шәріпов бастап өтті. Құрлық әскерлерінің Алматыдағы Әскери институтының курсанттары екінші болып өтті. Бұл институттың 500-ден астам түлегі мемлекеттік марапатқа ие болған. Олардың арасында “Халық қаһарманы”, Ауған соғысының ардагері, генерал-лейтенант Бақытжан Ертаев та бар.

Радиоэлектроника мен байланыстың әскери-инженерлік институтының курсанттары өздерінің әсем үлгілі киімдерімен көз тартты. Бұл институт – Әскери-әуе шабуылына қарсы мамандар дайындайтын Орталық Азиядағы жалғыз оқу орны. Сонымен бірге, онда байланыс пен автоматты басқару

жүйесінің инженерлері де дайындалады. Қазақстанның әуе кеңістігін қорғауда ерекше еңбек сіңіретін олардың еңбектерін халқымыз жоғары бағалайды. Институттың әскери туын осы оқу орнын үздік бітірген лейтенант Қайрат Ахмет көтеріп өтті.

Келесі кезекте алаңда Қорғаныс министрлігі орталық аппаратының офицерлер тобы көрінді. Топты генерал-майор Мүсілім Дайыров бастап келеді. “Офицер” ұғымы әрқашанда ерлікке, батылдыққа, Отанға адал қызмет етуге үндейтін қасиетті атау ғой. Бұлар сол атауға лайықты, барлық ғұмырын ел қорғау ісіне, армияның қорғаныс қабілеті мен шеберлігінің артуына арнаған жандар.

Салтанатты қадаммен қарыштаған Жаяу әскерлер офицерлерінің тобы да көрінді. Бұл Қазақстан Қарулы Күштерінің негізгі түрі. Ол бүгінгі күні ең заманауи озық қару-жарақпен және техникалармен қамтамасыз етілген. Шеру қатарын осы әскердің бас қолбасшысы, генерал-лейтенант Сәкен Жанұзақов бастап келеді. Ол Ауған соғысының ардагері, төрт бірдей әскери орденнің иегері.

Келесі болып алаңда “Оңтүстік” өңірлік қолбасшылығының жауынгерлер сапы көрінді. Бұл топты осы әскери бөлім қолбасшысының бірінші орынбасары, генерал-майор Мұқан Дүйсекеев бастап өтті. Ол да Ауған соғысының ардагері, көрсеткен ерлігі үшін “Қызыл жұлдыз”, 3-ші дәрежелі “Отанға адал қызметі үшін” ордендерін алған.

“Шығыс” өңірлік қолбасшылығы жауынгерлерінің қатары да алаңды тесіп жіберетіндей жігермен қарыштай адымдап барады. Еліміздің Шығыс жақ бетін қорғайтын бұл қолбасшылық ең бірінші болып 1992 жылы құрылған әскери корпустың негізінде қалыптасқан еді. Бұл сапты “Даңқ” орденінің иегері, генерал-лейтенант Николай Поспелов бастап өтті.

“Астана” өңірлік қолбасшылығының жауынгерлер қатары да көрермендерді селт еткізгендей сергектікке бөледі. Оларды алаңға қолбасшының орынбасары, полковник Белмұрат Жаруллаев бастап келді. Айта кететін жәйт, осы топтың сарбаздары қатарында 1941 жылғы Қызыл алаңда және 1945 жылы да сол жерде болған Жеңіс шеруіне қатысқан ардагерлердің немерелері, қатардағы жауынгерлер Бақытжан Бахриден, Асхат Айдарханов және Руслан Жакетовтер де болды.

Қазақстанның аэро-ұтқыр әскерінің тобын генерал-майор Әділбек Алдабергенов бастап өтті. “Қанатты жауынгерлер” деген атақ алған осынау гвардиялық-десантшылар да еліміз қорғанысының мызғымас тіректерінің бірі. Олар Ирактағы бітімгершіл операцияларына да қатысып, абыроймен оралды. “Қазбатшылардың” кәсіби дайындығы мен шеберлігі талайдың таңдайын қақтырып, жоғары баға алды.

Шеруге келесі болып шыққан Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің Құрмет қарауылын Әуе-десантшылар бригадасының командирі, 2 дәрежелі “Айбын” орденінің кавалері, полковник Дулат Адырбеков бастап келді. Осы Құрмет қарауылының саптық жаттығуларды шебер орындауына қарап, еліміздің Қарулы Күштері дайындығының қандай екендігі туралы тұжырым жасалады.

Әскери-әуе күштері офицерлерінің легі де әдемі формасымен, сымдай тартылған сәнімен өздері туралы жылы әсер қалдырды. Бұлардың қатарында еліміздің ең үздік ұшқыштары мен штурмандары, инженерлері мен техниктері, зенитті-зымыран мамандары болды. Бұл сапты “Даңқ” орденінің иегері, генерал-майор Оқас Сапаров бастап өтті.

Одан әрі шеруді екі мәрте Кеңес Одағының Батыры Талғат Бигелдинов атындағы Әуе қорғанысы күштері институтының курсанттары жалғастырды. Бұл оқу орнынан бүгінгі таңға дейін бес мыңнан астам маман түлеп ұшты. Солардың ішінде “Халық қаһарманы”, ұшқыш-ғарышкер, генерал-майор Талғат Мұсабаев та бар.

“Батыс” өңірлік командалық әскерлерінің өкілдерін алаңға генерал Әмір Қалықов бастап шықты. “Қара беретшілер” атанған бұлардың ерлігін халық жақсы біледі. Бұлардың арғы негізі болып табылатын Ақтау теңіз-жаяу әскерлері бригадасы кезінде Сталинград шайқасына, Австрия мен Венгрияны жаудан азат етуге қатысқан.

Алаңда Елбасының жеке бастамасымен құрылған Әскери-теңіз флотының офицерлер қатары көрінді. Оларды бірінші рангілі капитан, Әскери-теңіз күштері қолбасшысының орынбасары Серікқали Бимұрзаев бастап шықты. Отанымыздың теңіз шекарасын сенімді күзетіп тұрған олар 2006 жылы Оңтүстік Корея портынан Қазақстанға күзет кемелерін жеткізу сияқты аса маңызды тапсырманы абыроймен жүзеге асырды.

Келесі кезекте Шекара қызметі әскерінің сапы көрінді. Оны нағыз әскерилерге тән қарышты қадаммен жігерлене адымдаған генерал-майор Марат Мәжитов бастап шықты. Осы әскерлер қатарынан күні бүгінге дейін жүзден артық қызметкер Отан наградаларын алды. Олар алдыңғы ағаларының ерлік дәстүрін жалғастырып, еліміздің шекарасын мызғымай күзетушілер. Бүгінгі күннің талабына сәйкес өздеріне жүктелген жаңа міндеттерді де шекарашылар абыроймен атқаруда. Шеру сапында ҰҚК әскери институтының курсанттары да болды. Ал Шекара қызметі теңіз дивизиясының шекарашылар сапын Шекара қызметі Бас штабы бастығының орынбасары, контр-адмирал Кенжеберген Әбікеев бастап өтті.

Ішкі істер министрлігінің айрықша тапсырмалар жөніндегі “Бүркіт” атты ротасының шеруін “Айбын” орденінің иегері, генерал Еркін Ботақанов бастап өтті. “Таңбалы беретшілер” атанған бұлардың арасынан жүзден артық жауынгер орден-медальдармен наградталған.

Әскери шеруді Ішкі істер министрлігінің Петропавл институтының курсанттары жалғастырды. Оны осы институт бастығының орынбасары, полковник Икрам Мамедов бастады. Төтенше жағдайлар жөніндегі министрліктің Көкшетау техникалық институтының курсанттары келесі болып өтті. Оны осы институттың бастығы, полковник Серікқан Тұраров бастап өтті.

Ел тәуелсіздігі мен егемендігінің нышаны ретінде Елбасының Жарлығымен 1992 жылғы 16 наурызда құрылған Республикалық ұландар шеруді келесі болып жалғастырды. Екі топ болып өткен ұландар сапын қолбасшының

бірінші орынбасары, “Айбын” орденінің иегерлері, генерал-майор Ермек Үкібаев пен полковник Қайролла Сайранов бастады.

Жаяу әскерлер шеруін Республикалық ұланның Құрметті қарауыл ротасы аяқтады. Бұл рота әскери бөлімшелер ішіндегі ең таңдаулыларының бірі. Қазақстанға келген шетелдік мемлекеттер басшыларын қарсы алу құрметіне арналған ресми салтанаттарға тек осы ротаның сарбаздары ғана қатысады.

Топты рота командирі Қанат Әзімбаев бастап өтті.

Осыдан әрі алаңда әскери-әуе техникаларының шеруі басталды. Алаңға енген механикаландырылған колоннаның алдында құрғақтағы әскер, әскери-теңіз күштері және әуе қорғанысы әскерлерінің туларын желбіреткен әскери автомобильдер легі көрінді. Соның ішінде Талдықорған қаласындағы десанттық-шабуылдаушы бригаданың туын көтерген “Лэнд-Ровер” автокөлігі болды. Одан әрі БТР-80 техникасына мінген мото-атқыштар бөлімшелерінің жауынгерлері өтті. Одан әрі шеруді ақсары түсті америкалық “Хаммер” автомобильдеріне мінген “Қазбат” бітімгерлік батальонының ротасы жалғастырды. Бұл ротаны “Жауынгерлік ерлігі үшін” медалінің иегері, майор Нұржан Өмірзақов басқарады.

Келесі кезекте “Лэнд Ровер” техникасына мінген зымыранды-артиллериялық бірлескен полктың жауынгерлері 36803 әскери бөлімінің туын көтеріп өтті. Одан әрі 122 мм. Д-30 гаубицасын артқан техникалар көрінді. Бұл зеңбірек минөтіне 6-8 снаряд атып, 15 шақырым қашықтықтағы нысананы жоя алады. 152 мм.-лік “Мста-Б” гаубицасы алдыңғы зеңбірекке қарағанда, әлдеқайда ірі екен. Бұл зеңбірек минөтіне 7 снаряд ұшыра алады. Алаңға диаметрі 122 мм.-лік “Град” артиллериялық зымыран жүйесі шықты. Осы бір “Град” дивизионы бір жолы 56 гектар аймақтағы жауды жойып жібере алады. Ал алаңға диаметрі 220 мм. болатын “Ураган” атты дүркіндете ату кешені шыққанда ішін тартпаған жан болған жоқ шығар. Ол 20 секөнтте 30 шақырым қашықтықтағы жауды 100 гектар аумақта жойып жібере алады. Шеруді 300 мм. “Смерч” РС 30 зымыран кешені жалғастырды. Бұл әйгілі “Катюшаның” жаңа түрі. Ол 70 шақырым жердегі жаудың ядролы және зенитті-зымыран кешендерін жою үшін қолданылады. Әскери техникалардың шеруіне “Точка-У” зымырандық кешені шықты. Бұл ракеталар 120 шақырым жердегі нысандарды құрта алады.

Одан әрі әуе шабуылына қарсы күштердің әскери техникалары шеруді жалғастырды. Бұл топты полковник Серік Нұрақаев бастап шықты. Алдымен зенитті-зымыранды С-125 кешені көрінді. Ол қарсы жақтың ұшақтары мен қанатты зымырандарын атып түсіре алады. Әрбір кешенде 16-дан зенитті зымырандар бар. Жаудың жер үсті нысандарын 56 шақырым қашықтықта жоя алатын С-75 зымыран кешені де өтті. Одан әрі осы кешеннен әлденеше есе қуатты С-300 зениттік-зымыран кешені шықты. Бұл жаудың әуе арқылы жіберген аэродинамикалық және баллистикалық қаруларына қарсы бағытталатын күш болып табылады. Бұлардың қасында келесі болып өткен осы заманғы Т-72 танкі мен БМП-2 әскери мәшинелері қатардағы қарулар секілді болып көрінді.

Жұрттың бәрінің асыға күткені әскери-әуе күштерінің шеруі еді. Кешікпей ол сәт те туды. Алдымен аспанда Мемлекеттік ту мен Әуе-қорғаныс күштерінің жауынгерлік туларын желбіреткен екі Ми-17 тікұшақтары көрінді. Бұлардың штурвалында майор Еркін Нақышев пен капитан Мақсат Алтынбаевтың отырғаны хабарланды. Одан әрі құрлық әскерлерінің ұтқырлығын арттыратын көп мақсатты әлгіндей төрт Ми-17 өтті. Осындай тікұшақтардың тағы бір звеносы өткен соң ауыр әскери техникаларды таситын Ми-26 тікұшағы да көрінді. Бұл әлемдегі ең алып және қуатты тікұшақ. Ол 20 тоннаға дейін жүк көтере алады. Сонымен бірге, десантшыларды әскери техникасымен бірге көздеген жерге жеткізе алады.

Әуеде Л-39 оқу-жаттығу ұшақтарының бастауымен әскери-көліктік Ан-26 ұшағы көрінді. Бұл әскер мен әскери техникаларды жедел түрде алысқа тасымалдауға арналған техника. Оның штурвалында бірінші сыныпты ұшқыш, полковник Марат Оразбеков отырды. Одан әрі оқу-жаттығуға арналға Л-39 ұшақтарының 4 данадан тұратын звеносы да зу етіп өте шықты. Келесі кезекте Су-25 штурмовиктерінің 4 данадан тұратын звеносы көрінді. Бұлар жауды күндіз ғана емес, түнде де, ауа райының қандай да бір қолайсыздығына қарамай жоя алатын ұшақтар.

Алғы шепті соғыса-бомбалаушы МиГ-27 истребительдерінің 8 данасы бірдей әуеге көтерілгенде Астана аспанын қатты да қуатты гүріл басып кетті. Бұл ұшақтар қарсыластың жасырынған жер үсті нысандарын жойып жіберуге арналған. Истребительдердің бірінші звеносын подполковник Сергей Мязин, екіншісін Александр Самохин бастап келді. Одан әрі МиГ-31 ұстап алушы истребительдерінің звеносы көрінді. Звено командирі Нұрлан Қабенов екендігі хабарланды. Алыс-жақын қашықтықтардағы әуе шабуылына арналған жоғары жылдамдықтағы Су-27 ұшағының төртеуі де аспанға көтерілді. Олар қатар ұшып келді де кенет жоғарғы пилотаждың үлгісін көрсетіп, “Бәйшешектің ашылуы” атты көрініс жасап, төрт жаққа ажырап кетті. Олардың қалдырған түтіні шынында да ашылған гүлге ұқсайтын еді. Одан әрі МИГ-31 мен Су-27 истребительдері шықты. Осындағы МИГ-31 ұшағының штурвалын капитан Нұрбол Сапарбаев, ал қалған екеуін Қайрат Баймаханов пен Сергей Еронин басқарды.

Алаңдағы шеру әскери оркестрдің қарышты кадаммен жүріп өтуімен аяқталды. Сөйтіп, Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың тікелей қамқорлығымен жабдықталып әрі дамып келе жатқан әскеріміздің Ата Заңымыздың күні құрметіне арналған әскери шеруі аяқталды. Ол талай жанның жүрегінде өз еліне деген ыстық сезімді, патриоттық рухты оятқаны аян. Халықтың ұзақ уақыт бойы алған әсерден арыла алмай, алаңнан кетпей тұрғандығы да соның бір айғағы болса керек.

Жақсыбай Самрат